

Фиягуль Кубиновна Каумбаева
педагог - зерттеуші
«Гүл шеберханасы» үйірмесінің
жетекшісі

Сабақтың тақырыбы: «Бөлме өсімдіктерін көбейту әдістері»

Сабақтың мақсаты: оқушыларды бөлме өсімдіктерін көбейту әдістерімен таныстыру.

Міндеттері:

- өсімдіктерді көбейту, қалемше, тұқым туралы түсінік беру;
- бөлме өсімдіктерін күтіп – баптау туралы білімді дамыту;
- еңбек ете білуге, табиғатты қорғауға тәрбиелеу

Сабақ типі: жаңа сабақ

Сабаққа қолданылатын педагогикалық технологиялар: АКТ, ұжымдық оқыту, сұхбат, әңгімелесу, өзіндік жұмыс, суреттерді көрсету,

Сабақтың әдісі: көрнекілік, практикалық, бағалау, видеоролик

Оқыту технологиясы: интеграциялық оқыту технологиясы: биология, химия, еңбекке баулу, сурет, флористика.

Оқыту құралдары: оқулық, суреттер, интерактивті тақта, слайд, плакаттар, бөлме өсімдіктері, тамырланған гүл, топырақ, горшок, дренаж.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Оқушылармен амандасып, аудиторияның сабаққа дайындығын тексеру, қажетті құралдар мен көрнекіліктерді дайындап, зейіндерін шоғырландыру.

Оқушыларға сабақтың мақсаты мен міндеттерін хабарлап, оқушылардың сабаққа жақсы көңіл күймен бастау мақсатында сергіту сәтін өткізу

Оқушыларға «Шаттық» шеңберін ойнату арқылы көңіл күйін көтеру.

II. . Өткен материалды қайталау арқылы жаңа материалды қабылдауға дайындық

Үй тапсырмасы алдымен «Атауы бойынша өсімдікті тап!» ойыны арқылы сұралады. Оқушылар жетекшінің қолынан өсімдіктердің атаулары жазылған билет бойынша сәйкес өсімдікті табуы қажет. Берілген өсімдік атаулары: хлорофитум, қазтамақ, бальзамин, драцена, юкка, традесканция, бегония, сенполия, спатифиллум. Кейін сұрақ-жауап арқылы:

- бөлме өсімдіктеріне күтім жасау дегенді қалай түсінесіздер? (суару, тыңайтқыш салу, зақымдалған бөліктерін бөліп алу, жарықтың түсуін, ауаның жеткілікті болуын қадағалау)

бөлме гүлдерін қандай сумен және қай уақытта суарады? Бөлме гүлдерін алдын ала жиналып қойған сумен, себебі краннан алынған судағы хлор өсімдікке жағымсыз әсер етеді, бөлме температурасындағы сумен, себебі салқын судан ауырып қалады, кейде қар , жаңбыр сулары да пайдалы. Қыс айларында аз, жаз айларында жиірек суару.

Міне, сіздер шын мәнінде барлығын білесіздер, енді тек бөлме гүлдерін қандай әдістер арқылы көбейтуге болатындымен танысу қалды.

Бөлме жағдайында тек сатып алынған өсімдіктерді ғана емес, өз қолыңызбен тұқымынан немесе қалемшелерімен, түйнектері арқылы немесе тамырсабақтарын бөлу арқылы және т.б жолдар арқылы көбейтіп, өсіруге болады. Бұл өте қызық!


III Жаңа материалды түсіндіру

Бөлме гүлдері сіздің үйіңізде де, мектеп бөлмелерінде де бар. Көбейту үшін өсімдіктің кез – келген бөлігін пайдалануға болады: жапырағы, сабағы, жанынан шыққан бөліктері, бөлу. Көбейту әдісінің ерекшелігі жаңа өсімдіктер ескі бөліктерден пайда болады. Сондықтан жаңа өсімдік алу үшін жағдай жақсы, қалыпты бөлігінен алады.

Көбейту әдістерімен танысу үшін сіздердің назарларыңызға слайд қарау ұсынылады:



(слайд 1) Жоғарғы қалемшелерімен



(слайд 2) Сабақ қалемшелерімен




(слайд 3) Жапырақтарымен



(слайд 4) Сабақтарын топыраққа тигізу



(слайд 5) Қосымша қабаттары



(слайд 6) Балалары арқылы



(слайд 7) Мұртиялары арқылы



(слайд 8) Бөлу арқылы



(слайд 9) Тұқымы арқылы



(слайд 10) Споралары арқылы

Көбейтудің негізгі принциптері:

- таза құралдармен жұмыс жасау.
- кесілген жерге тимеу.
- кесілген жердің жоғарғы жағы тегіс болуы, әйтпесе шіриді.

Бөлме өсімдіктерінің көбейту әдістерін білу бөлме өсімдіктерінің өсіріп, күтім жасауда маңызы өте зор.

1. Жоғарғы қалемшелері арқылы көбейтуге драцена, юкка өсімдіктерін алуға болады.
2. Көп жағдайда бөлме өсімдіктері сабақ қалемшелері арқылы көбейеді және бұл әдіс кең талаған әдіс
3. Өсімдіктердің түріне қарай жапырақ қалемшелері арқылы да көбейеді (замиккулькас, бегония, фиалка т.б.)
4. Көптеген өсімдіктер сабақтарын жерге тигізу арқылы көбейеді (традесканция, плектарантус т.б.)
5. Қосымша қабатталып өскен ересек өсімдікті өткір пышақпен кесу арқылы бөліп көбейтуге болады.
6. Кактус, алоэ өсімдіктері жас балалары арқылы көбейеді.
7. Хлорофитум өсімдіктері мұртшалары арқылы көбейеді.
8. Өсімдіктің тамыр сабақтарының қалың өсуінен көптеген бөлме өсімдіктерін бөлу арқылы көбейтеді (спатифиллум, монстера, сансьеверия)
9. Түрлеріне қарай бөлме өсімдіктерін тұқымы арқылы көбейтеді. Ыдысқа отырғызып, бетін пленкамен жауы, мерзімен қарай 10-15 күн ішінде өскін пайда болады. Өскіндердің үшінші және төртінші жапырақтары пайда болған соң сиретеміз.
10. Бөлме өсімдіктерінің ішінде шаңжапырақтәрізділер споралары арқылы көбейді. Жапырғының астыңғы жағында қоңыр түсті споралар топыраққа түседі, өнеді. Оны бөлек алып көбейтуге болады. Ең қызықты және күрделілеу әдіс.

IV. Жаңа білімді бекіту

.Ал қазір сіздер білімді қалай игердіңіздер екен, көрейік.

1. Көбейту түрін сурет бойынша анықтау.
2. Өсімдіктің сыртқы түріне қарап (мүмкіндігінше) көбею түрін және атауын анықтау. Определение вида размножения и названия комнатного растения

Сарамандық жұмыс

Жұмыс барысы

1. Қауіпсіздік ережесін қайталау.
Сенполия өсімдігінен ірі жапырақтарын таңдап, өткір пышақпен кесу. Жапырақты аздап қисайтып, алдын-ала дайындалған құмға отырғызу.
2. Алоэні жыл бойына көбейтуге болады. Бірақ көктем мен жаз дұрыс болады. Жанынан шыққан жас алоэні алып, алдын – ала дайындалған құмы бар ыдысқа отырғызамыз.
3. Болған соң жұмыс орнын тазалау.

V. Үйге тапсырма

Үйге тапсырма орындалу жолын түсіндіру арқылы беріледі. Қандай әдебиеттерді пайдаланатына нұсқау беріледі. Оқушыларға бөлме өсімдіктерін көбейту туралы біліп келу туралы тапсырылады.

VI. Бағалау

Оқушыларға смайлик беріледі. Оқушыларды сұрақтарға берген жауабы, тапсырмасы бойынша бағалайды.

VII. Қорытындылау

Жаңа тақырыпты қорытындылап, қорытындылау сұрақтарының нақты, әрі жүйелі болуын қадағалап, оқушылардың тақтада берілген смайликтерге өз ойларын жазғанын қадағалайды.

